



Тауарларды сатып алу жөніндегі шарт №_____

к.

«___» 2025 ж.

"Байкен-U" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____, екінші таралттан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Казына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (катысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Казына» АҚ-та тікелей немесе жанама тиесілі занды тұлғалардың сатып алушы жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және темендерілер туралы келісімге келді. Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып, мыналарды растанады: • заннамага сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылады; • осы Шартқа қол қоя үшін кандай да бір шектеулер, тыбым салулар жок; • осы Шартқа қол қоя алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалады және сәйкестендірді.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші Тауарларды Шартта көрсетілген бағалар, өлшемдер және басқа да талаптар бойынша (бұдан әрі - Тауар) Тапсырыс берушінің меншігіне жіберуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Тауарды қабылдауға және оған акы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Осы Шартта келесі терминдердің келесі түсіндірмесі болады:

1.2.1. Шарт – Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында жасалған, жазбаша түрде бекітілген және оған барлық Қосымшалар мен толықтырулармен, сондай-ақ осы Шартта сілтеме жасалған барлық қажетті құжаттамамен Тараптар қол қойған осы келісімді білдіреді.

1.2.2. Шарттың жалпы сомасы-Тапсырыс беруші шарттық міндеттемелерді толық орындағаны үшін Шарттың шенберінде Өнім берушіге төлеуге тиіс сома.

1.2.3. Тауар - осы Шарттың және оның Қосымшаларының талаптарына сәйкес Өнім беруші Тапсырыс берушігө жеткізетін, № 1, № 2 Қосымшаларда көрсетілген тауарларды білдіреді.

1.2.4. Илесе қызметтер-тауарларды жеткізуді қамтамасыз ететін қызметтер, мысалы, тасымалдау сияқты қызметтер және мысалы, монтаждау, іске косу, техникалық жәрдем көрсету, оқыту және Өнім берушінің Шартта көзделген осындай басқа да міндеттері кіретін кез келген басқа да қосалқы қызметтер.

1.2.5. Кемшіліктер - осы Шарттың талаптарын бұза отырып жеткізілген Тауар немесе Тауардың бір бөлігі, соның ішінде неке, ақаулар, кемшіліктер, закымданулар, сәйкесіздіктер және т.б.

1.2.6. Ақпараттық қауіпсіздік-ақпаратты жинау, өндеу және сактау процесінде оның құпиялылығын, тұтастығын және санкцияланған колжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған экімшілік-құқықтық, ұйымдастыруышылық-өкімдік және техникалық шаралар кешені

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша толем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша акы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.4. Аванстық төлем (алдын ала төлем) Өнім беруші келесі құжаттарды ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізіледі: - авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету, Тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда; - алдын ала төлеуге шот. Ескертпе: бұл тармақ Шарттың № 1 Қосымшасында аванстық төлем (алдын ала төлем) көзделген жағдайда қолданылады.

2.5. Жеткізілген тауарлар үшін акы төлеу, оның ішінде шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар жеткізілген тауарлар Актісіне (актілеріне) (бұдан әрі-Қабылдан алу - беру актісі (актілері)) қол қойған және құнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде мынадай құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап жүргізіледі:

2.5.1. Шарт шенберінде жеткізілген Тауарлардағы елішлік құндылық үлесін электрондық құжат нысанында есептеу (электрондық сатып алушы жүргізуі) қамтамасыз ететін «Самұрық-Казына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады.

2.5.2. Шот-фактуралар;





- 2.5.3. Жүйе арқылы қалыптастырылған Тауарды қабылданап алу - беру актісі;
- 2.5.4. Тауарға сәйкестік сертификаты (егер Тауар міндетті сертификаттауға жататын болса);
- 2.5.5. Паспорт немесе Тауарды пайдалану бойынша орыс немесе қазақ тіліндегі нұсқаулық (бар болса);
- 2.5.6. Қорларды басқа жаққа жіберуге арналған жүккүжат.
- 2.6. Өнім беруші заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Қабылдау-берау актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Электрондық түрде Веб-порталда Тауарларды қабылдау-берау актісін (актілерін) қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі. Илеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп айырысу тиісті жұмыстарды (қызметтерді) орындағаннан кейін Шарт бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап калу Шарт сомасының 20%-ынан аспауы тиіс.
- 2.7. Тапсырыс беруші Мердігердің төлем құжаттарының топтамасын уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемді кешіктіргені үшін жаупты болмайды.
- 2.8. Накты жеткізілген тауар үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлем ескеріле отырып жүргізіледі.
- 2.9. Төлемдердің барлық түрлері (алдын ала төлем, аралық, түпкілікті) Жеткізуі толтырылған контрагент сауалнамасын ұсынған жағдайда жүзеге асырылады.
- 2.10. Электрондық шот-фактураларды беру Қазақстан Республикасы Салық кодексінің және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасарының - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 22 сәуірдеғі № 370 бүйрекімен бекітілген Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураларды беру қағидаларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.
- 2.11. Егер Өнім беруші қосылған құн салығын (бұдан әрі - ҚКС) төлеуші болып табылmasa, онда уәкілетті орган ҚКС төлеуші ретінде тіркеген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ҚКС бойынша тіркеу туралы куәліктің көшірмесін береді, сонымен қатар ол Тапсырыс берушіден ҚКС сомасын қосымша төлеуді талап етуге құқығы жоқ және осы Шарттың Қосымшаларында көзделген төлем сомасын (өсірмей) бөлуге және электрондық нысанда қол жетімді электрондық шот-фактураларды беруге міндеттенеді. ЭШФ АЖ («Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесі).
- 2.12. Егер Шарттың Тапсырыс берушінің өтінімдері негізінде Шарттың қолданылу мерзімі ішінде жекелеген топтамалармен тауар жеткізу көзделсе, онда тауарлар Тапсырыс берушінің өтінімінде көрсетілген мерзімде және мөлшерде жеткізілуге тиіс. Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауардың қалған және/немесе толық қолеміне өтінім беруді және тиісінше оған ақы төлеуді талап етуге құқығы жоқ.

3. Жеткізу мерзімі және шарттары

- 3.1. Өнім беруші Тауарды Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес мекенжай бойынша және мерзімінде жеткізуге міндетті.
- 3.2. Тауар Тапсырыс берушіге Қабылдау-берау актісіне (актілеріне) сәйкес саны мен сапасы бойынша және Шарттың №1, №2 қосымшаларына сәйкес беріледі. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ тауардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бұліну тәуекелі Өнім беруші заң актілеріне немесе Шартқа сәйкес Тауарды Тапсырыс берушіге беру жөніндегі өз міндеттін орындаған болып есептелетін кезден бастап Тапсырыс берушіге аусысады. Жеткізуге байланысты шығыстар Шарттың жалпы сомасына қосылады.
- 3.3. Тауарларды жеткізу күні Тапсырыс берушінің тауарларды қабылдау-берау актісіне қол қойған күні болып есептеледі.
- 3.4. Жеткізілетін Тауар тауардың сипаттамасына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына, сонымен қатар осы Шарттың міндеттемелеріне сәйкес тиісті қаптамада, қажет болған жағдайда және/немесе қосымша маркалауды пайдаланып, тиісінше жүктелу қажет. Мұнда қаптама Тауарды тасымалдау және сактау барысында Тауардың көліктік-жүктеу әрекеттерін, экстремалды температура, тұздардың әсерін қандайда бір киындықсыз көтеріп, Тауардың тұтастырын қамтамасыз етуі тиіс.
- 3.5. Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілінің Тауарды алуына оған уәкілетті адамның қолы қойылған, Тапсырыс берушінің мөрімен куәландырылған Тауарды алуға арналған сенімхат және Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілінің жеке күлігі негіз болады.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

- 4.1. Өнім беруші міндетті:
- 4.1.1. Шарттың шарттарына сәйкес Тауарды жеткізу;
- 4.1.2. Тапсырыс берушіге жеткізілетін тауарға арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:
- 4.1.2.1. Шарт шенберінде электрондық құжат нысанында жеткізілген Тауардың барлық қолеміне (санына) Шарттағы елішлік құндылық үлесін есептей (Веб-порталда ұсынылады). Қабылдау-бераудің соңғы актісімен бірге беріледі.





4.1.2.2. Егер жеткізілетін тауар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес міндettі сертификаттауға жататын өнімдер мен қызметтердің тізбесіне кіретін болса, Тауарға сәйкестік сертификатының түпнұсқасы немесе нотариалды құеландырылған көшірмесі.

4.1.3. Шарт талаптарына сәйкес тауардың саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға. Тапсырыс беруші Өнім берушінің тауарлардағы елшілік құндылықтың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.1.4. Сатып алу туралы шартты орындау шенберінде жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға міндettенеді.

4.1.5. Тапсырыс берушіге Тауарды жауапты сақтауға қабылдаумен байланысты шығындарды өтегу.

4.1.6. Осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге осы Шартқа № 4 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған контрагент саулнамасын (егер Өнім беруші контрагенттің саулнамасын бұрын, осы Шартқа қол қойылған күннің алдындағы соңғы 12 күнтізбелік ай ішінде ұсынбаған жағдайда) және осы Шарттың №5 Қосымшасына сәйкес нысан бойынша ESG саулнамасын ұсыну.

4.1.7. «Байкен-U» ЖШС-нің жеткізушилер мен мердігерлер кодексінің талаптарын сактау (Шартқа №5 қосымша).

4.1.8. Тауарды жеткізу кезінде Тапсырыс берушінің аумағында енгізілген бақылау-өткізу және санитарлық-эпидемиологиялық режимдерді сактау.

4.1.9. Тауарды жеткізуінде болжамды қунінен кемінде 3 (үш) күн бұрын осы шартқа № 6 қосымшаға сәйкес нысан бойынша «Байкен-U» көнішінің құзетлітін объектісінің аумағына жіберу туралы өтінім беру.

4.1.10. Тауардың кездейсоқ қымбаттауы тәуекелін көтеру.

4.1.11. Тапсырыс берушіге тиісті сападағы, мөлшердегі, жинақтылықтағы, ассортименттегі, атаудағы және техникалық сипаттамаларға сәйкес келетін тауарларды беру.

4.1.12. Тапсырыс беруші экспорттауыш болып табылатынын және қосылған құн салығын қайтаруға құқығы бар екенін назарға ала отырып, Өнім беруші міндettі түрде салық заңнамасының талаптарына сәйкес, қойылған шот – фактураларда бухгалтерлік есепте және салық есептілігінде, сондай-ақ растайтын құжаттарды ұсыну жөніндегі талантар салық органдарының сұрауы бойынша көрсету.

4.1.13. Ақпараттық және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын, оның ішінде Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік, енбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық және ядролық қауіпсіздік, электр қауіпсіздігі, тасымалдау процесінің қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерін және ақпараттық қауіпсіздік, өнеркәсіптік қауіпсіздік пен енбекті қорғау және Тапсырыс беруші қызметкерлерінің денсаулығын сактау жөніндегі ішкі құжаттарды сактауға.

4.2. Өнім беруші:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақытылы қабылдауды және Қабылдау-беру актілеріне қол қоюды талап етуге.

4.2.3. Тапсырыс берушіден авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді уақытылы қайтаруды талап етуге

4.2.4. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақытылы қайтаруды талап етуге.

4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға құқығы бар.

4.3. Тапсырыс беруші міндettі:

4.3.1. Шарттың шарттарына сәйкес жеткізілген Тауарды қабылдау.

4.3.2. Өнім берушіден беру-өткізу актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде наразылықтар болмаган жағдайда беру-өткізу актісіне қол қою.

4.3.3. Шарттың шарттарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүргізу.

4.3.4. Тапсырыс берушіден алынған алдын ала төлем сомасына шарт бойынша өз міндettемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Өнім берушіге төлеген авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді қайтару.

4.3.5. Шарт бойынша өз міндettемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Өнім берушіге енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға.





4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

- 4.4.1. Өнім берушіден Шартта белгіленген сапага және санға сәйкес Тауарды алу.
- 4.4.2. Шарттың бағасын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың кез-келген бөлігінен бас тарту немесе ақаулы өнім тізімдемесімен Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтару.
- 4.4.3. КР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуга және (немесе) Шарттан бас тартуға құқығы бар.
- 4.4.4. Ұсынылған салық шот-фактурасында көзделген деректемелер дұрыс көрсетілмеген немесе толық көрсетілмеген жағдайда Тапсырыс беруші мүндай шот-фактуралы ескертудерді жою және шот-фактуралы тиісінше ресімдеу үшін Өнім берушіге қайтарады, сондай-ак Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін шот-фактуралы ұсынған сәттен бастап жеткізілген тауар үшін Өнім берушіне мерзімдерін есептеуге құқылы.
- 4.4.5. Шарттың 13-бабына сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шенберінде Тапсырыс беруші Өнім берушіге комплаенс-тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады. Комплаенс-тексеру жүргізу барысында Тапсырыс беруші Өнім берушіні ынтымактастықтан бас тарту үшін негіздердің / теріс акпараттың / өзге де мәліметтердің болуын, оның ішінде, бірақ бұлармен шектелмей, сыйбайлас жемқорлық көріністерін, ақашы жылыштатуды және терроризмді каржыландыруды қоса алғанда, қандай да бір заңсыз қызметке қатыстырығын, Өнім берушінің, оның акционерлерінің/құрылтайшыларының/қатысушыларының, басшыларының ынтымактастыққа тыйым салатын халықаралық санкционларға ұшыраган адамдар тізімінде болуын тексереді.
- 4.4.6. Келесі жағдайларда Шартты орындаудан бас тарту: - Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шарттың талаптарына сәйкес Контрагент анкетасын ұсынбағанда; - Өнім берушінің комплаенс-тексеру кезінде теріс нәтиже аныкталса; - Өнім беруші "Байкен-U" ЖШС Жеткізушілер мен мердігерлер әдебі кодексін бұзы фактілері аныкталса.

5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

- 5.1. Тапсырыс беруші жеткізілген тауардың техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.
- 5.2. Жеткізілген тауарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері тексеру жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.
- 5.3. Жеткізілген тауардың саны мен сапасы мәселелері бойынша талапты Тапсырыс беруші Өнім берушіге тауарды алған сәттен бастап немесе әдеттегі қабылдау тәсілі кезінде аныкталуы мүмкін емес ақаулар (жасырын ақаулар) аныкталған 10 (он) жұмыс күндері ішінде талап кояды. Егер Өнім беруші 5 (бес) жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мүндай шағым Өнім беруші мойындаған болып саналады және Өнім беруші өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен 10 (он) хабарлама алған сәттен бастап жұмыс күндері ішінде Тауардың жеткізілмеген және/немесе сапасыз бөлігін жеткізуге міндеттенеді.

6. Кепілдіктер және Сапа

- 6.1. Өнім беруші жеткізілетін тауарға қолданылатын, белгіленген талаптарға сәйкес келетін жеткізілетін тауардың сапасына кепілдік береді. Өнім беруші осы Шарт бойынша жеткізілген тауардың жеткізілген тауарды қалыпты пайдалану шартымен конструкциясына, материалдарына немесе жұмысына байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді
- 6.2. Өнім беруші жеткізілген Тауарға Қабылдау-буру актісіне қол қойылған күннен бастап 12 месецін белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Тауардың сапасына кепілдік береді.
- 6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде тауардың ақаулары немесе оның шарт талаптарына сәйкес келмеуі аныкталса, өнім беруші Тапсырыс беруші тиісті талаптарды ұсынған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ақаулы тауарды жаңасына өз есебінен ауыстыруға міндеттенеді. Ауыстырылған тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауарларды ауыстыру бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші өз мойнына алады.
- 6.4. Егер тауарды ауыстыру бойынша кідіріс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне үзартылады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

- 7.1. Шарт бойынша міндеттерді орындау және/немесе тиісті түрде орындау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.
- 7.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:
- 7.2.1. Өнім беруші Шартта көрсетілген тауарды жеткізу мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге тауарды жеткізуі кешіктірген әрбір құнтізбелік күн үшін уақытын жеткізілмеген тауар құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ өтелмеген міндеттеменің жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;





7.2.2. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзім өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде есімпұл телейді.

7.2.3. Тауарлардағы елшілік құндылық үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушігө мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ өтелмеген міндеттеменің жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде есімпүл толейді.

7.2.4. Осы Шарттың талаптарына сәйкес контрагенттің сауалнамасы уақытылы ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден осы Шарт сомасының 5% мөлшерінде айыппул төлеуді талап етуге құқылы.

7.2.5. Егер Қазақстан Республикасының салық органдары салықтық бақылау рәсімдерін немесе өзге де шарапарды жүзеге асыру шенберінде ККС (қосымша құн салығын) еткізу мақсатында айналымды дұрыс және (немесе) толық көрсетпей арқылы өзара растамау фактілерін анықтаған жағдайда, немесе осы шарт бойынша есеп айырыслар жүзеге аспаса немесе ККС дұрыс декларацияланбаса және төленбесе, сондай-ақ өнім берушінің Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарын сактамауының өзге де фактілері анықталса, нәтижесінде тапсырыс берушіге ККС -ының ҚР бюджетінен асып кеткен сомасы болатын болса, Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтаруға бас тартылса, немесе салықтар қосымша ақыға алынса, өнім беруші Тапсырыс берушіге тиісті хабарламаны алғаннан кейін , 10 (он) жұмыс күні ішінде барлық соманы өтеуге міндеттенеді, Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтару үшін расталмаған ККС-тың барлық сомасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасының жоғарыда аталаған заң бұзушылықтардың салдарынан болған барлық басқа есептелген салықтарды, өсімпұлдарды жеткізуши арқылы (колма-кол) өтейді. Осы тармакта қарастырылған шарт жеткізушінің барлық денгейдегі контрагенттерімен қарым-қатынастарын тереңдететіп байланыстырады, егер салық тексерушілер кандай да бір себептер негізінде тапсырыс берушімен өзара есеп айырысуды растамаса және (немесе) ККС-ты уақытында қайтарудан және (немесе) мемлекеттік органдар тапсырыс берушіге салған салықтардан, өсімпұлдардан және (немесе) қосымша есептеуден бас тартса , бұл жағдай сот тәртібі арқылы шешүге әкеп согады. Жоғарыда көрсетілген фактілер бойынша Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтаруға расталмаған және өнім беруші қайтарған ККС-ның асып кеткен сомасы өнім берушіге және (немесе) оның барлық денгейдегі контрагенттері анықтайтын болса, ондай жағдайда өнім берушіге қайтарылады, салық органдарының тексеріс кезіндегі ККС асып кеткендегі қайтарудан бас тартуына және (немесе) салықтардың, өсімпұлдардың және (немесе) айыппұл санкцияларының қосымша есептелуіне әкеп соккан кателердің барлық денгейлерін түзеткенде, сондай-ақ салық органдарының бұрын расталмаған сомаларын қайтаруға және (немесе) нәтижелерге табысты көз жеткізгенде өнім берушіге салықтық тексерулерді сот тәртібімен жүргізеді. Тапсырыс беруші жеткізушиге шарт негізінде бұрынғы өзара есеп айырысуын қайтаруға жне (немесе) басқа да салықты, өсімпұл және (немесе) айыппұл санкциялары сомасын 10 (он) жұмыс күні ішінде бюджеттен нақты сомма түскеннен кейін өнім берушімен өзара есеп айырысу кезінде қайтару үшін бұрын расталмаған және (немесе) тапсырыс беруші үшін салықтық тексеру нәтижелеріне сәтті шағымдануды растайтын сот немесе өзге үәкілдті орган шешімін қайтару үшін зан күшіне енеді. Шарттың осы тармағының ережелері осы Шарттың колданылу мерзімі токтатылғаннан кейін 5 (бес) жыл бойы өз күшін сақтайды.

7.2.6. Егер Өнім беруші Шартта белгіленген мерзімде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартты біржакты тәртіппен бұзады және Әлеуетті өнім беруші енгізген өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады.

7.2.7. Осы Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайларды коспағанда, Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе мүмкін болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден өтелмеген міндеттеменің жалпы сомасынан 10% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құбылы.

7.3. Өнім беруші Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша өнім берушінің өз міндеттемелерін орындағаны және/немесе тиісінше орындағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімақы (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

7.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.4.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші берушігө мерзімі өткен әрбір құнтізбелік құн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ өтелмеген міндеттеменің жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде есімпұл телейді.

7.4.2. Жеткізу什 ұсынған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір қүнтізбелік құн үшін аванстық төлем сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ аванстық төлем сомасының 10-нан аспайтын мөлшерде есімпұл төлейді.

7.4.3. Өнім беруші ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кідіртілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір қүнтізбелік күн үшін шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ өтмелеген міндеттеменің жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде есімпүл төлеуге тиіс.

7.4.4. Тапсырыс беруші Қабылдау-тапсыру актісінде қол қоюды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушігө әрбір күнтізбелік күн үшін кідірту сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ өтелмеген міндеттеменің жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде есімпуд төлейді.

7.4.5. Тапсырыс беруші күжаттарды ұқыттылы ұсынбаган жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінін Тауарды





жеткізу үшін Өнім берушіге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Өнім беруші Шартта көзделген өз міндеттемелерін орында алмаған жағдайда, Өнім берушінің Тапсырыс берушіден Казақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өтіп кеткен залалдарды өтеуді талап етуге құқығы бар.

7.5. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Казына» АҚ-ның Сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен акпарат жібереді.

7.6. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасынан Өнім берушігеп Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны және осыған байланысты туындаған шығындар үшін есептелеңген айыппул сомасын ұстап қалуға құқылы.

7.7. Тапсырыс беруші алдын ала төлем жасағаннан аз сомаға тауарды нақты жеткізген кезде Шарттың қолданылуы токтатылған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген авансты қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

7.8. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.9. Шарттың талаптарына сәйкес жеткізілетін Тауарды өндірушігеп Тауарды уақтылы жеткізбегені не жеткізуден бас тартқаны үшін есептелеңген айыппұлдардың (өсімпұлдардың) жалпы мөлшері шарт сомасының 10%-нан аспауга тиіс.

8. Шартты өзгерту, бұзыту тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Казақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда шартты орындаудан біржакты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;

8.3.3. Тауарларды алушағы негізді орынсыздыққа байланысты, атап айтқанда:

8.3.3.1. төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

8.3.3.2. тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органдың/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органдың байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алушың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушігеп нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

8.3.4. Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде.

8.3.5. Тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда.

8.4. Тапсырыс беруші біржакты тәртіппен Шартты орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шартты бұзудың болжамды құніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың себебі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енген күні көрсетілуі тиіс.

8.5. Сатып алуша «Самұрық-Казына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі тұлғасында сатып алушы жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің жасалған Шартты біржакты тәртіппен бұзуына және (немесе) бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Өнім берушігеп Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындауда салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

9. Хабарламалар

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алысууды жүргізу, хабарламалар, нұскаулықтар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну немесе шығару қажет болса және өзгеше түрде айтылмаса, онда хат алысуудың





мұндай түрі негізсіз бас тартулар мен кешіктірулер жазбаша түрде жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартка сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Тараптардың деректемелерімен Шарт нөмірі болуға тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуға және колма-қол немесе кейіннен түпнұсқасын беру арқылы 5 (бес) жұмыс күні ішінде фактты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошталық хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуға тиіс.

9.4. Курьерлік пошта, телекс, телеграмма немесе факс арқылы жіберілген кез-келген хабарлама (алдыңғы ауды растаусыз) тапсыру уақытында жеткізілген деп есептеледі.

9.5. Тапсырыс (әуе) хат арқылы жіберілген ескеरту пошталық жеткізуі дәстайтын пошталық бөлімнің немесе курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілген деп есептеледі.

10. Шарттың мерзімі

10.1. Осы Шарт төмөнде көрсетілген оқиғалардың бірінің қайсысы кешірек басталған күннен бастап күшіне енеді: а) осы Шартқа екі Тараптың үәкілетті өкілдерінің кол қойған күні; б) Тапсырыс берушінің үәкілетті органды осы Шартты жасасу туралы корпоративтік шешім қабылдаған күн (мұндай шешім Тапсырыс берушінің жарғысына және қолданылатын заңнамаға сәйкес қажет болған жағдайларда); в) Өнім берушінің үәкілетті органдының осы Шартты жасасу туралы корпоративтік шешім қабылдаған күні (мұндай шешім Өнім берушінің Жарғысына және қолданылатын заңнамаға сәйкес қажет болған жағдайларда).

10.2. Осы Шарт Тараптар осы Шарт бойынша барлық міндеттемелерін толық және тиісінше орындағанға дейін жарамды.

11. Енсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Егер бұл форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болса, Тараптар осы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындағанған үшін жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «форс-мажорлық жағдайлар» Тараптардың еркінен тыс және күтпеген сипаттагы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғаларға ескери әрекеттер, табиги немесе табиги апаттар, эпидемиялар, карантиндер, әмбарго және басқалары сияқты әрекеттер кіруі мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Форс-мажорлық жағдай туындаған кезде, міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа пайда болған сәттен бастап құнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың күтілетін ұзақтығы туралы жазбаша (хабарлама) хабарлауға, сонымен қатар осындай жағдайлар мен олардың себептері туралы, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың болуын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

11.3. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тараптың оны жауапкершіліктен босататын мәнжайлардың басталғаны туралы хабарламауы немесе уақтылы хабарламауы оны форс-мажор мән-жайлардың басталу дерегіне сілтеме жасау құқығынан айырады.

11.4. Егер форс-мажор жағдайлар қатарынан құнтізбелік 30 (отыз) күннен астам жалғасатын болса, онда Тараптардың әрқайсысының осы Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқығы болады және бұл жағдайда Тараптардың бірде-бірінің басқа Тараптың алдындағы ықтимал залалдарды өтеуге құқығы жок.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда бола алатын барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез-келгені осы мәселені сот тәртібімен - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қызылорда облысы бойынша Мамандандырылған ауданаralық экономикалық сотта шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар мен олардың қызметкерлері төлем жасамайды, төлеуге ұсыныс жасамайды және қандай-да бір тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде зансыз артықшылықтарға немесе өзге де зансыз мақсаттарға кол жеткізу үшін қандай-да бір ақшалай қаражат немесе құндылық төлеуге жол бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық парага сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы





заннаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-кимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілестін қызыметтерді) өтеусіз орында арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындаудың камтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндettі.

13.5. Тарап жазбаша хабарламада контрагенттің, оның жұмыскерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық парага сатып алу сияқты колданыстағы заңнамада сарапанатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-кимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғанын немесе бұзыу мүмкін екенін анық растайтын немесе болжуға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндettі.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бакылайды. Бұл ретте Тараптар сыйбайлас жемқорлық қызыметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік катынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыйбайлас жемқорлық қызыметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндettенеді.

13.8. Осы баптың мақсаттары үшін «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннама» термині Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы заңнамасын, сондай-ақ Ұлыбританияның «Парақорлық туралы» Заңын білдіреді.

13.9. Тапсырыс беруші Өнім берушіден Шарттың орындалу барысын талдау мақсатында Шарттың орындалуы бойынша мәліметтерді камтитын кез келген құжаттарды сұратуға құқылы.

13.10. Осы Шарттың 13.5-тармагына сәйкес жазбаша хабарлама алған Тарап 10 күн мерзімде тергеу жүргізуге және оның нәтижелерін басқа Тараптың атына беруге міндettі.

13.11. Тапсырыс беруші Жеткізушінің осы Шартты орындауга байланысты қызыметін, оның құжаттары мен жазбаларын тексеруді өз калauы бойынша жүргізу құқығын өзіне қалдырады. Тапсырыс беруші мұндай тексеру туралы жазбаша хабарламаны болжамды тексеру күніне дейін 20 жұмыс күнінен кешіктірмей беруге міндettенеді және оны дербес немесе үшінші тарапты тарта отырып жүргізе алады.

13.12. Өнім беруші Тапсырыс берушіден хабарламаны алған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілген хабарламаны алғанын растауы және осындаи хабарламаны алғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде тексеру жүргізілген күнді растауы тиіс. Тексеру жүргізу кезінде Тапсырыс беруші немесе үәкілдепті үшінші тарап осы Шартты жасасу, орындау, бұзуға байланысты немесе оның шенберінде Өнім берушінің қызыметкерлерінен сұхбат алуы мүмкін.

